

Жалынды жастар марапатталды

**Мұрат
ЖҮНІСҮЛЫ**

Арқалық политехникалық колледжінде Қазақстан Республикасы Рәміздері күніне орай өткен "Мақтанышым мемлекеттік Рәміздер!" атты мерекелік кеште қалалық ішкі саясат бөлімі Жастар ресурстық орталығының директоры Аманкелді Ахметжанов қаланың бір топ жастарына "Қоғамдық шараларға белсене қатысқаны үшін" қала әкімі Эльдар Күзенбаевтың Алғыс хатын табыс етті.

Марапатталғандар қатарында: Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтынан – қалалық мәдени іс-шаралардың жүргізушісі Нұрдана Тұрсынбек, Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінен – облыстық, республикалық мәдени байқаулардың жеңімпазы Айдана Қозбақова, Арқалық көпсалалы колледжінен – дзюдодан Алматы қаласында өткен Халықаралық турнирдің күміс жүлдегері Айсұлу Жоламанова, Арқалық политехникалық колледжінен – колледж көшбасшысы, облыстық "Мамандықтар әлемі" атты стартап идеялар байқауының жеңімпазы Кенжегүл Сәрсенбаева және колледждің үздік волонтеры Аягөз Ақәділова, Арқалық медициналық колледжінен – колледж көшбасшысы, колледжішілік шаралардың ұйымдастырушысы Азамат Құдабай бар.

Аталмыш шарада ел рәміздері құрметтеліп, патриоттық әндер көптеп шырқалды. Жастар марапат иелеріне қошемет көрсетті.

Арқалық қаласы.